

ХФТАР 17.82.31

Ж.Ә. Өтеш, М. Мырзахметұлы

М.О. Әуезов ат. Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан.

(E-mail: zhibek.otes@gmail.com., info@litart.kz)

Деректі әскери прозаның жасалу ерекшеліктері

(А. Бектің «Арпалыс» романының негізінде)

Андатпа. «Арпалыс» романы – қазақ әскери прозаның қалыптасып дамуына жемісті үлесін қосқан деректі шығармалардың бірі. Әскери тақырыпқа жазылған және дүниежүзі мойындаған бұл әскери-ағартушылық еңбек сонау Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде әлем назарын өзіне қаратты. Әскери ғылымның білгірі Б. Момышұлының тікелей қатысуымен жазылған бұл роман соғыс шындығы мен психологиясын ашуға бағытталған көлемді туынды. Мақалада әскери прозадағы тарихи тұлға проблемасы және тарихи шындықтың түйінді мәселелері жан-жақты қарастырылған.

Түйін сөздер: әскери проза, тарихи шындық, әдеби келісім шарт, жазылу тарихы, стенограмма.

DOI : <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2020-130-1-62-68>

Түсті: 11.12.19 / Қайта түзетілді: 02.03.20 / Жарияланымға рұқсат етілді: 30.03.20

Кіріспе. Әскери прозаның ерекшелігі – оның деректілігінде, оның тарихи шындыққа толы болуы. Әрине, көркем әдебиеттің өзге де үлгілерінде шынайылық бар, өмірден алынған «материалдар» кездеседі. Десек те, әскери тақырып жаңа бір өнімді бағытты қалыптастырды. Себебі жалпы әскери әдебиет тарихи фактіге толы болуымен қатар, әскери іс-қимылдардың көркем әдебиетте көрініс тауып, олардың тарихи мәнін ашып көрсетуге, ұрыс даласындағы жүрген соғыс қимылдарын тереңдеп білуге бағытталды. Ұрыс даласының «тірі куәгерлерінің» әңгімелері мен документалды құжаттар көркем әдебиеттің әскери тақырып аясын кеңейтіп, оның шешімін түсініп ұғынуға ықпалы зор болды. Әскери тақырыпты игерудегі басты себептердің бірі – адам (тағдыры, психологиясы) және соғыс, өткен тарихи кезеңнің шынайы, әрі барынша терең игерілуі және болашақ ұрпақ үшін де дұрыс көзқарастың қалыптасуы болып табылады.

Теориялық тұжырымдарға сүйенер болсақ, деректі проза дегеніміз кейіпкері де сюжеті де өмірден алынған, тарихи іс-оқиғасы бар жанр үлгісі дедік. Демек, өмірде болған шынайы оқиға мен адам тағдыры осы жанрдың негізін құрайды. А. Бектің «Арпалыс» («Волоколамск тас жолы» повесі) романында тарихта да, халық жадында да есімдері қалған батыр тұлғалар образдары жасалған. Әскери проза тақырыбында жазылған басқа да көркем шығармалардың көркемдігінен, эстетикалық қуатынан кем түспейтін классикалық шығармалардың бірі. Романның әр тарауы үлкен құрмет пен әр батырдың ерлік істерін паш ету, сын сағатта гуманистік-моральдық нормаларды сақтау секілді жоғары қабілет-қасиеттер суреттелген. Бұл ұранды, орынсыз мақтау мен жеке тұлғаны мадақтау емес, үңіле қарағанға бұл роман оқиғалар мен характерлердің шынайы көрінісі мен келбеті [1].

Негізгі бөлім. Бұл романның қалыпты көркем шығармалардан ерекшелігі оқиғалардың деректілігінде және Екінші дүниежүзілік соғыстың шынайы куәгерінің сөзінен жазылып алынған материал екендігінде. «Так как книга «Волоколамское шоссе» не будет художественным произведением обычного типа (т.е. построенным на художественном вымысле), а военно-документальным произведением, в котором сохраняются подлинные имена панфиловцев и дается описание подлинных боев, то ответственность за книгу несет не

только Александр Бек, но и Бауыржан Момыш-улы перед памятью панфиловцев, перед историей и перед современниками за правдивость книги» [2, 30 б.]. Бұл жазушы Бек пен батыр Момышұлы арасында жасалған келісім шартының бір пункті ғана. Яғни бұл шығарманың жанры о бастан-ақ анықталған, тарихи шындықтың бұрмаланбауын, көркемдік деңгейінің өзінің тиісті деңгейінде ғана болатыны осы келісім шартта көрсетілген. Тіпті батырдың талай мінберлерден сөйлеген сөздерінің өзінде де майдан даласының шындығы шынайы болуы қажет десе, ал соғыс туралы жазған жазушы әскери ұрыстардың шынайылығы мен дәлдігін жазуы қажет дегенді басты назарда ұстаған. Сол себепті де мұндай туындылар тәрбиенің мықты идеологиялық қаруы бола алады және сонда ғана олар жауынгердің жанын, психологиясын түсінуге ықпал жасайды деген тұжырымын алға тартады.

Батыр Б. Момышұлы көзі тірісінде-ақ аңыз боп есімі кең тараған шақта, романнан кейінгі атағы жер-жаһанға жайылды. Роман жарыққа шыққан соң-ақ, қызу талқыға түсіп, талдау, талқылау жұмыстары басталды. «Арпалысты» батырдың өз төл туындысы деп танылсын деген пікірлердің де болғаны рас. Бірақ қалай болғанда да, бұл А. Бектің шығармасы және біз «жанама авторлықты» дәлелдеудің артық екенін мойындауымыз лазым. Бұл – тарихи шындыққа жанасатын факт. Оған майданда 1942 жылдың наурыз-сәуір айларында (кейіннен 1944 жылдың 18 желтоқсанында Мәскеу қаласында жазылған) А. Бек пен Б. Момышұлы арасындағы жасалған келісім шарт дәлел. «Арпалыс» романы – қазақ әскери прозада өзіндік орны ерекше деректі шығармалардың бірі. Ол қалың көпшіліктің ықыласына бөленген, оқырманын ұйып алып кеткен тың туындылардың біріне айналды. Оның екі себебі бар. Бірі – тірі адамды көркем образ, яғни кейіпкер етіп сомдауы болса, екіншісі – соғыс қатусышысының тікелей айтылуымен жазылып алынған әскери күнделіктер мен естеліктерден тұратын деректі шығарма болуында. Әрине кез келген көркем шығарма секілді «Арпалыстың» да шығу тарихы мен ары қарайғы ғұмыры, романның бастан кешкен жағдайлары бар. Оның талқылау, талдау жұмыстары өте көп болды. Әдеби ортада ол бірден жылы қабылданып, мақұлданды дей алмаймыз. Оның да белгілі себептері болды. Кеңес үкіметінің Б. Момышұлына деген қарым-қатынасын, оның озық ойларына, тың деректер ұсынып, тосыннан айтылған идеяларына қарсы болғанын білеміз. Бұл ел аузындағы ғана әңгімелер емес, оған батырдың өз мұрасы да дәлел, тіпті батыр туралы жазылған ғылыми еңбектер де баршылық.

«Арпалыс» романы – әскери прозаның барлық талаптарына сай оқиға суретімен де эстетикалық құндылықтарымен де кем түспейтін соғыс тақырыбына арналған классикалық шығармалардың біріне айналып отыр. Тіпті, «Арпалыс» романы әскери тақырыпты қолға алып зерттеулер жүргізудің қайнар көзі ретінде қызмет ете алатындай тың туынды деуге толық негіз бар. Әлем әдебиетінде де сирек кездесетін мұндай құбылыс «Арпалыс» романын бірден әлем назарына іліктірді. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде де басты шығарманың біріне айналды. «Арпалыс» – соғыс жайында менің сүйіп оқитын кітаптарымның бірі болды және солай болып қалды да. Өзімнің бұл кітапты сүйетіндігімді былай қойғанда, мұның өзі біздің әдебиетіміздегі соғыс жайында жазылған ең таңдаулы кітаптардың бірі екендігіне менің сенімім кәміл. Біздегі және бүкіл дүние жүзіндегі жұртшылық жақсы біле тұрса да, бұл кітап әлі де лайығынша толық бағасын ала қойған жоқ» - деген орыстың жазушысы К. Симоновтың әділ бағасы бүгінде де өз құндылығын жоғалтпайтыны анық. Себебі бұл кітаптың шындығы қаншалықты ұранды, пафосты естілгенмен, қымбатты шындықтардың бірі. Бұл – ақиқат [3, 4 б.].

Роман өз мәнін жойған жоқ. Мұнда тарихи шындық сайрап айқын көрінеді. А. Бектің бұл шығармасы қолбасшының жетік өнері туралы, ұрыс жағдайындағы қимыл-әрекеттердің кенеттен орын алуы, дәл сондай сәттерде туындаған қиындықтарды жеңіп шығуда, тойтарыс беруде әскербасының шапшаңдығы мен дарындылығы осындай сын сағаттарда танылатыны туралы. Оқырманның көз алдына ұрыс стенограммасы ғана емес, қолбасшы-

ның дамылсыз ойдың адамы ретіндегі образын жасап шықты. Әрине А. Бекке бұл жұмыс оңайға соқпағаны анық, алайда әр қаламгердің шығармашылық лабораториясындағы бір-ақ шығармасы ғана жарқырап жұлдызы жанған, бағы ашылған туынды болатынын ескерсек, «Арпалыс» романы да Бекке бақ құсы болып қонған тың туындыларының біріне айналды.

Әрине мұнда Б. Момышұлының еңбегі өлшеусіз болғанымен, соғыс даласында тіршілік етудің қолайсыз, әрі қиын жағдайына тап болған А. Бек те өз деңгейіндегі ерлікке барды. Ол алдында күтіп тұрған қиыншылықтарға мойынсұнып, осылайша тәуекелге бел бұды. Б. Момышұлы – айтушы, А. Бек – жазып алушы. Айта кету керек, осыдан барып А. Бек енді мақала жазушы журналист-публицисттен кәдімгі әдеби орта мойындаған жазушыға айналды.

Алайда А. Бектің шығармашылық жолына үңілетін болсақ, ол мақала, очерк, рецензия жазудың шебері екендігін көреміз. Өзінің журналистік жолын ерте бастап, газет редакторына дейінгі қызметте болған. Сондай-ақ, атақты тұлғалар өмірін, олардың өсу, өркендеу, қалыптасу кезеңдерін, әсіресе үкімет тарапынан берілген тапсырманың бірі – бесжылдықты игеру мен ондағы адамдардың тағдырын суреттеп баяндау – Бек шығармашылығының негізгі арнасы болды. Сондықтан болар, өзара әңгіме құрып немесе әңгіме айтушының сөзінен оқиға шындығын жазып алу оның өзіндік жазушылық стиліне айналды. «Мен әдепкі жазуым былайша өрбиді: ең бірінші, сұхбат алушым өз аузынан хронологиялық тәртіпте өз білгенінің бәрін өзі айтып беретін болады. Мен әртүрлі сұрақтар қойып оның сөзін бөлмеймін. Қояр сұрағымды жазып алып, кейіннен сұрауға қалдырып қоямын. Келесі кезең – әртүрлі қызықты эпизодтарға толықтай шолу жасап шығу. Келесі кезекте – сен міндетті түрде өзіңді қызықтыратын адамдар туралы айтып беруді сұрайсың. Әртүрлі мәліметтерді, оқиғаларды, мінездерінің белгілерін, қажет болар штрихтерді, тіпті оларды нақтылауға қол жеткізуге тырысасың. Ең ақырғы кезең – бұл сенің сұрақтарыңның әртүрлі мәселелерді қозғауға арналуы тиіс: тұрмыс мәселелері, еңбекті ұйымдастыру, қоғамдық өмірдің ұйымдастырылуы... және қайтадан эпизодтар, штрихтер, детальдар, детальдар. Осылайша сен материалды бірнеше рет ақтара қопарып, аударып сол адамнан барын алуға тырысасың» [4, 27 б.].

А. Бек Б. Момышұлына қалай тәнті болғанына романның алғашқы беттерінен-ақ көрініп тұр. Оның бала кезінен «Шаңтимес» атанып, жүйрік аттың қасиетіне теңелгендігі, өсу, кемелдену кезеңіндегі зеректілігі, кейінгі ересек өмірі өзінің динамикасымен қызықтырды. Жоғарыда келтірілгендей, А. Бек өзінің ұстанымынан айнымай шығарма жазуды ұйғарды. Әдеби жанрдың кіші формасы повесттен бастап, документалды фактілерді қолдана отырып, оны романға айналдыру трансформациясы бірте-бірте көркем реалистік шығарманы дүниеге әкелді. «Құжаттық негізге құрылған повесть жаза отырып, мен роман заңдарына бағынышты туынды жаздым», - депті А. Бектің өзі. Бұл шығарманың деректі өзегі сол – неміс басқыншылары Мәскеуді басып алмақ болып, Волоколамск және Ленинград тас жолына бет алған болатын. Генерал-майор И.В. Панфиловтың басқаруымен 316-шы атқыштар дивизиясының тойтарыс беруімен жауды ұстап қалып, бұл оқиға 1941 жылдың тарихында айрықша әскери қимылдардың бірі болып қалды. «Арпалыс» романының көркемдік әлемінің ерекшелігі болып кейіпкердің нұсқауымен автордың тарихи, документалды оқиғалардың шынайылығын айтылған күйінде жеткізуі. Осылайша романның алғашқы нұсқасы 1942 жылы «Знамя» журналында «Панфиловшылар алғы шепте» деген атпен жарық көреді. Соғыс кезінде оның таралымы да жоғары болды деп айтпасақ та белгілі факт. Бұл кітап чех, поляк, еврей, неміс және т.б. шет тілдеріне аударылып, әскерилер үшін соғыс тактикасы мен стратегиясын жетік меңгеруге арналған әдістемелік құрал болса, қалған оқырман қауым үшін бүгінгі күнге дейін маңызын жоғалтпаған көркем туынды болып келеді. Осы кезде А. Бек танымалдылықтың да атақ-даңқтың ауыр жүгін арқалауға мәжбүр болады. Олай дейтініміз, роман авторлығына сенімсіздік танытқан кейбір азаматтар ашық та,

жасырын айқасқа шығады. Бек мұндайға дайын болмағандығына Б. Момышұлының көптеген сөйлеген сөздерінің стенограммалары мен хаттары дәлел. Романның алғашқы нұсқасы шыққаннан кейін батыр мен жазушының арасындағы творчестволық шығармашылыққа нұқсан келеді. Б. Момышұлының көрегендігі болар, ол осының алдын болжап, А. Бекпен әдеби келісім шарт жасауға дейін барады. Шындығына келгенде, осы құжат романды да автор мен кейіпкерді аман алып қалған бірден бір құралға айналды. Ойланып қарасақ, осы уақытқа дейін қанша документалды айғақтарға сүйене отырып жазылған көркем тарихи шығармалар болса да, біреуі де құжаттық негізде рәсімделіп шықпаған. Мұның сыры романда Б. Момышұлының айтқан сөзі дәйек бола алады. «Ерте ме, кеш пе, әйтеуір, маған байланысты бірдеңе жазғандай болсаңыз, менің аты-жөнімді бұрмаламаңыз; қазақша Бауыржан Момышұлы деп жазыңыз. Менің қазақ екенімді, далада қой жайып өскен фамилиясы жоқ жігіт екенімді білсін жұрт» [5, 10 б.].

Дәл осы тұста орыс полковнигі Прищепчик: «Декада раскрыла для нас новый мир, широко и ярко открыла талант казахского народа. Начало боевого пути Момыш-улы перекликается с историей казахского народа. Путь Момыш-улы – путь казахского народа. В книге «За нами Москва» показаны первые подвиги казахского народа в большой войне». Немесе тағы бір шенді полковниктің пікірін келтіре кетейік: «Мы напрасно говорим, что Казахстан это окраина. Может быть, в экономическом и политическом отношении, но не во всех отношениях, как часто мы заявляем. Нужно сказать, что в смысле культуры казахи стоят очень высоко. Издать книгу у нас, так как это вопрос большой политической важности – показатель культурного, материального, идеологического роста казахского народа» - деген Иван Приходьконың сөзі тарихи әділдіктің орнап, түптің түбінде тарихи шындық ашылуы тиіс екендігін байқатты. Бұл романды талқылау барысында айтылған сын-пікірлер ғана емес, мазмұнына тереңдеп қарасақ ізгі тілек пен бас ию құрметі, әрі бір адамның мысалында бүкіл қазақ халқын ұлт ретінде мойындау. Себебі Б. Момышұлының өзі де өзінің айбынды мінезінен талай зардап шеккенін білеміз. Әсіресе майдан даласында өзінің ұстазы И. В. Панфилов қазасынан кейін де талай шовинист генералдардың, үкімет басшылығының қыспағынан қысым көрсе де, өмірінің соңына дейін өзінің айнымас сертін таймаған.

Шындығына келгенде, бұл роман жеке тағдырдың біртұтас халықтың тағдырының айнасы іспеттес. Қазақ даласынан шыққан қайсар жігіттің соғыс кезінде жан алып, жан берісіп, майдан даласында әскери ұрыс-қимылдарды мінсіз, әрі мүлтіксіз орындағаны әлем халықтарын тәнті етеді. Б. Момышұлы жер бетінде қазақтай батыр, өжет, намысшыл ұлттың бар екенін мойындатады. «Арпалыс» романының да орыс тілінде жазылуының да ішкі сыры осында деп айтуға толық негіз бар. Сондай-ақ романның орыс тілінде орыс жазушысының қолымен жазылғандығының тағы бір себебі бар деуге негіз бар сияқты. Оны батырдың өзі былай деп қайырады: «Рецензенты и редакторы, на обложке рукописи увидев мою фамилию, делают более придирчивыми и, взяв в руки лупу, начинают искать блоху, что они делали бы реже, если бы на обложке стояла русская фамилия» - деген сөзі бар сырды ашқандай. Яғни орыс жазушысының қолынан шыққан туынды, әсіресе «Арпалыстай» әскери тақырыпты қозғаған шығарма, даусыз тек орыс жазушысына тиесілі болуы қажет деген астыртын идея. Себебі өзге ұлт өкілдері, «кіші ұлттар» немесе «кіші халықтар» өкілдері, орталықтың нұсқауынша мұндайға бармауы тиіс. Әсіресе запастағы офицердің жазбасы орталықтың шамына тиері сөзсіз. Мұны түсіне, түйсіне білген Б. Момышұлы орыс жазушысының қолымен екі қоянды бірден атып түсірді. Соғыс машығында үйренген айла-тәсілінің көмегі болар. Біріншіден, ол романды артық бояусыз, романтикалық оқиғаларсыз әскери проза талаптарына сай етіп жазылуына ықпал жасаса, екіншіден, өзінің басын сан мәрте рет қатерге тігіп, жасаған ерлік істерімен орыс әдебиетінде өз бейнесін өзі жасап шықты. Кеңес заманының тұсындағы қазақ әдебиеті үшін де бүгінгі тәуелсіздік тұсындағы қазіргі қазақ әдебиеті тарихы үшін де бұл мол табыстардың бірі.

Қорытынды. «Арпалыс» роман болмай тұрып, «Волоколамск тас жолы» повесі боп тұрған шақта, яғни алғашқы кітабы соғыс көріністерінің үлкен бір картинасын қамтымаған кезі. Оқиға желісі небәрі он күндік соғыстың майдан даласының шағын учаскесіндегі көрінісін суреттейді. Композициясы жағынан шығарманы шартты түрде екіге бөліп қарастыруға болады:

- бірінші бөлімінде дивизия жауынгерлерінің әскери машықты меңгеру процесі және И.В. Панфилов пен Б. Момышұлының тәрбиеші командирлер образында танылуы;

- екінші бөлімде Мәскеу түбіндегі екі айлық ұрыстың басы, оқиғалар ортасында ажалмен күрес сынынан өткен жауынгерлердің психологиялық бейнесі.

Әңгімені айтушы, баяндаушы образ – батальон командирі шынайы деректер мен мәліметтердің көзі ретінде қажет әрі құнды материалдың бірі. Автор мұны жақсы білді. Сондай-ақ, автор өзі суреттеп жатқан офицердің күрделі және әркелкі мінезі, өз әскери тәртібінің логикасы соғыс логикасына бағынып отырғанын да дер кезінде түсіне алды. Шығармадағы генерал Панфиловтың да орны ерекше екенін атап өтуіміз керек. Ол – салмақты адам, білгір педагог, тәжірибелі жауынгер образында суреттеледі. Анығында да ол солай еді. Бұған Б. Момышұлының «Москва үшін шайқас», «Біздің генерал» атты шығармалары куә. Екі образ да Панфилов пен Момышұлы бірін-бірі толықтырып, шығарманың интеллектуалды бейнелеріне айналып, романды жаңа биікке көтере алды [6, 44 б.].

Қорыта айтқанда, мақаланың негізгі түйіндері ретінде мына мәселелерді нақтылап атап өтуге болады:

- А. Бек өзінің творчестволық ұстанымын, (оқиғаны өз тікелей қатысушысынан жазып алу, бұл оның журналистік шығармашылығындағы негізгі стилі) яғни документалды фактілерге сүйене отырып, деректі оқиғаның фактілер тізбегін құруы: «Арпалыстың» сюжеттік негізі Мәскеу қорғанысына қатысушысының әңгімесінен жазылып алынған.

- «Арпалыс» романының А. Бек көздеген мақсаты – образды сомдауда адамды соғыстың ауыр жағдайында, өзінің азаматтық борышына қаншалықты мән беруін, ерлік көрсетудегі жан-дүниесінің сырын ашу еді.

- Автордың ұстанымы шығарманың баяндау моделін қалыптастырды, яғни батальон командирі Б. Момышұлының әңгімесі мен романда қолданылған әскери жазбалары шығарманың ішкі әлемінің шынайы картинасына айналды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Кәтімхан М. «Арпалыс» романының авторы кім?. – Астана: Педагогика пресс, 2010. – 128 б.
- 2 Момыш-ұлы Б. Тысячи мыслей – тысячи сомнений. Сборник произведений. Том 19. (2-я книга). – Алматы: Онер, 2010. – С. 312 .
- 3 Бек А. Арпалыс. 3-бас. I кітап. Волоколамск тас жолы. / Аударған Қ. Сағындықов. – Алматы: Жалын, 1977. - 232 б.
- 4 Бек А. Собрание сочинений в 4-х томах. Том 4. - Москва: Художественная литература, 1993. – С. 576.
- 5 Бек А. Арпалыс. Көп томдық шығармалар жинағы. Том 27. 1-кітап. – Алматы: Онер, 2010. - 320 б.
- 6 Момыш-ұлы Б. Правда о войне. Сборник произведений. Том 18. (1-я книга). – Алматы: Онер, 2010. 360 с.

Ж.А. Отеш, М. Мырзахметулы

Институт литературы и искусства им. М.О.Әуэзова, Алматы, Казахстан

Особенности создания документально-военной прозы
(на основе романа А. Бека «Волоколамское шоссе»)

Аннотация. Роман «Волоколамское шоссе» - является одним из документальных произведений, внесших выдающийся вклад в становление и развитие казахской военной прозы. Этот военно-просветительский труд, написанный на военную тематику и признанный миром, в далекие годы Второй мировой войны обратил всё внимание мира на себя. Этот роман, написанный при непосредственном участии знатока военной науки Б. Момышулы, является масштабным произведением, направленным на раскрытие истины и психологии войны. В статье подробно рассмотрены проблемы исторической личности в военной прозе и ключевые проблемы исторической действительности.

Ключевые слова: военная проза, историческая реальность, литературный договор, история написания, стенограмма.

Zh.A. Otesh, M. Myrzakhmetuly

M.O. Auezov Institute of literature and art, Almaty, Kazakhstan

Features of creation of documentary and military prose
(based on the novel by A. Beck «Volokolamsk highway»)

Abstract. The novel «Volokolamsk highway» is one of the documentary works that made an outstanding contribution to the formation and development of Kazakh military prose. This military educational work, written on military subjects and recognized by the world, in the distant years of the great Patriotic war drew all the attention of the world to itself. This novel, written with the direct participation of a connoisseur of military science B. Momyshuly, is a large-scale work aimed at revealing the truth and psychology of war. The article deals in detail with the problems of historical personality in military prose and key problems of historical reality.

Keywords: military prose, historical reality, literary contract, the history of writing, verbatim.

References

- 1 Ka'timhan M. «Arpalys» romanynyn' avtory kim? [Who is the author of the novel «Volokolamsk highway»?]. (Astana, Pedagogi'ka press, 2010, 128 p). [in Kazakh]
- 2 Momysh-uly B. Tsyachi myslei – tsyachi somneni'i' [A thousand thoughts – a thousand doubts]. Sborni'k proi'zvedeni'i' [Collection of works]. Tom 19 (2-я kniga). [Volume 19 (2nd book)]. (Oner, Almaty, 2010, 312 p). [in Russian]
- 3 Bek A. Arpalys. 3-bas (I kitap) [Volokolamsk highway (3rd edition) 1st book]. Volokolamsk tas joly (Audarg'an Q. Sag'yndyqov) [Volokolamsk highway. Translated by K. Sagyndykov]. (Jalyn, Almaty, 1977, 232 p.). [in Kazakh]
- 4 Bek A. Sobraniye sochinenii v 4-h tomah. Tom 4 [Collected works in 4 volumes. Volume 4]. (Hudojestvennaya literatura, Moscow, 1993, 576 p.). [in Russian]
- 5 Bek A. Arpalys [Volokolamsk highway]. Kop tomdyq shygarmalar jinagy. [Collection of multi-volume works]. Tom 27 (1-kitap) [Volume 27 (1st book)]. (Oner, Almaty, 2010, 320 p.). [in Kazakh]
- 6 Momysh-uly B. Pravda o voine [The truth about the war]. Sbornik proizvedenii [Collection of works]. Tom 18 (1-я kni'ga) [Volume 18 (1st book)]. (Oner, Almaty, 2010, 360 p.). [in Russian]

Авторлар туралы мәлімет:

Өтеш Ж.А. – М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының 2 курс докторанты, Құрманғазы көшесі, 29, Алматы, Қазақстан.

Мырзахметұлы М. – филология ғылымдарының докторы, профессор, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, Құрманғазы көшесі, 29, Алматы, Қазақстан.

Otesh Zh.A. – PhD student of the 2nd course of the M.O. Auezov Institute of literature and art, Kurmangazy str. 29, Almaty, Kazakhstan.

Myrzakhmetuly M. – Doctor of Philology Sciences, Professor, Chief Researcher of the M.O. Auezov Institute of literature and art, Kurmangazy str. 29, Almaty, Kazakhstan.